

Қазақ ССР-нің 1990 жылғы Мемлекеттік ішкі 5 проценттік заемының айналысын тоқтату мен өтеудің тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 23 қарашадағы N 1660

Бұрын шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздар жөніндегі берешекті жоюды қамтамасыз ету және облигациялардың одан әрі құнсыздануын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылдың 1 желтоқсанынан бастап Қазақ ССР-нің 1990 жылғы Мемлекеттік ішкі 5 проценттік заемының айналысы тоқтатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақ ССР-нің Мемлекеттік ішкі 5 проценттік заемін осы заемның облигацияларын ұстаушыларына дер кезінде хабарлай отырып, 1997 жылдың 31 желтоқсанынан дейін мерзімде өтеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақ ССР-нің 1990 жылғы Мемлекеттік ішкі 5 проценттік

заемының айналысын тоқтату мен өтеудің тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

4. "Қазақ ССР-інің 1990 жылғы Мемлекеттік ішкі 5 проценттік заемін шығару туралы" Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1989 жығы 20 желтоқсандағы қаулысының күшін жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 23 қарашадағы
N 1660 қаулысымен
бекітілген

Қазақ ССР-нің 1990 жылғы Мемлекеттік ішкі 5
проценттік заемының айналысын тоқтату
мен өтеудің тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Қазақ ССР-нің 1990 жылғы Мемлекеттік ішкі 5 проценттік заемын шығару туралы" Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1989 жылғы 20 желтоқсандағы N 405 қаулысына сәйкес заңды тұлғалар арасында орналастыруға арналған облигациялар түрінде 16 жылға - 1990 жылдың 1 қаңтарынан 2006 жылдың 1 қаңтарына дейін шығарылған Қазақ ССР-нің 1990 жылғы Мемлекеттік ішкі 5 проценттік заемын өтеудің т ә р т і б і н б е л г і л е й д і .

2. Мемлекеттік 5 проценттік заемының облигацияларын толық өтеу (негізгі борыш және кірісті төлеу) 1997 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен 1997 жыл бойы жүзеге асырылады. Заемды ұстаушылар облигациялары мен купондарын 1997 жылдың 31 желтоқсанына дейін ақы төлеуге ұсына алады. Бұл мерзім аяқталған соң ақы төлеуге ұсынылмаған облигациялар мен купондар өз күшін жоғалтады және ақы төлеуге жатпайды.

3. Облигацияларды өтеу кезінде ұстаушыларға алдағы жылдары өтелген сомалар есептен шығарыла отырып, облигациялардың бастапқы құны мен жылына 5 процент мөлшерінде кіріс төленеді. Өтеу құнын есептеу аталған қаулымен бекітілген Қазақ ССР-нің 1990 жылғы Мемлекеттік ішкі 5 проценттік заемын шығарудың шарттарына с ә й к е с жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

4. Облигацияларды өтеу өкілетті банктер - "Қазагроөнеркәсіпбанкі" АҰАҚ және "Тұрғынұйқұрылысбанкі" ЖАҚ (Бұдан әрі - банктер) арқылы жүргізіледі.

II. Банктер арқылы орналастырылған заем облигацияларын өтеудің тәртібі

5. Қазақ ССР-нің 1990 жылғы мемлекеттік ішкі 5 проценттік заемының орналастырылғанын растайтын құжаттардың негізінде Банктер заем күшінде болған кезеңде орналастырудың және төленген кірістің нақты көлемін көрсете отырып, облигациялар ұстаушылардың тізілімін жасап, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне т а п с ы р а д ы .

6. Банктер берген тізілімдердің негізінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі олардың шоттарына мынадай мөлшерде ақша аударады: - "Қазагроөнеркәсіпбанкі" АҰАҚ - 1 466 (бір мың төрт жүз алпыс алты) теңге, оның ішінде: негізгі борышты өтеуге - 1 320 (бір мың үш жүз жиырма) теңге және кірісті төлеуге (өткен жылдарда өтелген соманы есепке ала отырып, 6 жылға жылына 5%) - 146 (бір жүз қырық алты) теңге;

"Тұрғынұйқұрылысбанкі" ЖАҚ - 102 625 (бір жүз екі мың алты жүз жиырма бес) теңге, оның ішінде: негізгі борышты өтеуге - 96 210 (тоқсан алты мың екі жүз он) теңге және кірісті төлеуге - 6 415 (алты мың төрт жүз он бес) теңге.

7. Ақша Банктердің шоттарына түскен сәттен бастап екі аптаның ішінде Банктер қаражатты заем ұстаушылардың шоттарына есептейді.

8. Банктер облигациялар ұстаушыларға мемлекеттік заемды және кірісті өтеуді нақты ұсынылған облигациялар мен купондар бойынша жүзеге асырады.

9. Таратылған немесе қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар (облигация ұстаушылар) бойынша заем растайтын құжаттардың негізінде олардың құқықтық мұрагерлеріне өтеледі.

10. Құқықтық мұрагерлер болмаған кезде, Банктер ақша түскеннен кейін екі апта мерзім ішінде талап етілмеген сомаларды республикалық бюджеттің кірісіне қайтаруға тиіс.

11. Заем өтелгеннен кейін Банктер бір айдың ішінде нақты өтелген облигациялар туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне мәліметтер береді.

III. Өзге банктер арқылы орналастырылған заем облигацияларын өтеудің тәртібі

12. Қазақ ССР-нің 1990 жылғы Мемлекеттік ішкі 5 проценттік заемының облигацияларын өзге банктер арқылы сатып алған заем ұстаушылар тізілім жасау үшін тиісті құжаттарды Банктерге көрсетуге тиіс. Уәкілетті Банктер 1997 жылдың 1 желтоқсанына дейін мемлекеттік заем ұстаушылардың тізілімін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынады, ол Банктердің шоттарына қосымша ақша аударады.

Заем толық өтелгеннен кейін бір айдың ішінде банктер нақты өтелген облигациялар мен купондар туралы еркін нысанда жасалған есепті ұсынады.

IV. Облигацияларды жоюдың тәртібі

13. Мемлекеттік ішкі 5 проценттік заемының өтелген және ақы төленген облигациялары мен купондары жойылуға тиіс. Аталған жұмысты орындау үшін Банктер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп қажетті акт ресімдей отырып, өтелген облигациялар мен купондарды бухгалтерлік есеп деректерімен салыстырады. Мұнан соң тәуелсіз тараптар қатыстырыла отырып комиссия тағайындалады және ақы төленген облигациялар мен купондарды тексеру мен жою жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК